Әділет

# "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 18 тамыздағы N 229-ө Өкімі

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңын (бұдан әрі - Заң) іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Заңды іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (келісім бойынша) және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша) Тізбеге сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен енгізсін;

2) нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы<br>Премьер-Министрінің<br>2005 жылғы 18 тамыздағы<br>N 229-ө өкімімен<br>бекітілген

## "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі

| Р/с N | Нормативтік құқықтық кесімнің атауы | Кесімнің нысаны | Орындалу мерзімі | Орындауға жауапты мемлекет-тік орган |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1271 Жарлығымен бекітілген ҚРҰБ ережесіне және құрылымына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республика-сының Президенті Жарлығының жобасы | 2005 жылғы қыркүйек | ҚРҰБ (келісім бойынша) |
| 2. | Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1270 Жарлығымен бекітілген ҚҚА туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республика-сының Президенті Жарлығының жобасы | 2005 жылғы қыркүйек | ҚҚА (келісім бойынша) |
| 3. | Кейбір нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізу туралы | ҚҚА басқармасы-ның қаулысы | 2005 жылғы қыркүйек | ҚҚА (келісім бойынша) |
| 4. | ҚРҰБ басқармасының 2002 жылғы 10 қазандағы N 401 қаулысымен бекітілген Банк болып табылмайтын заңды тұлғалардың банкноттарын, монеталары мен құндылықтарын инкассациялау, жіберу жөніндегі қызметін лицензиялау және реттеу ережесіне өзгерістер енгізу туралы | ҚРҰБ басқармасы-ның қаулысы | 2005 жылғы қыркүйек | ҚРҰБ (келісім бойынша) |
| 5. | Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзету мен жайластыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы | ҚРҰБ басқармасы-ның қаулысы | 2005 жылғы қыркүйек | ҚРҰБ (келісім бойынша) |
| 6. | ҚРҰБ-ның банкноттар мен монеталарды сату және сатып алу ережесін бекіту туралы | ҚРҰБ басқармасы-ның қаулысы | 2005 жылғы қыркүйек | ҚРҰБ (келісім бойынша) |
| 7. | ҚРҰБ-ның инвестициялық және коллекциялық монеталарды сату және сатып алу ережесін бекіту туралы | ҚРҰБ басқармасы-ның қаулысы | 2005 жылғы қыркүйек | ҚРҰБ (келісім бойынша) |
| 8. | ҚРҰБ басқармасының 2002 жылғы 3 тамыздағы N 300 қаулысымен бекітілген Ең аз резервтік талаптар туралы ережеге | ҚРҰБ басқармасы- | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ның қаулысы | 2005 жылғы қыркүйек | ҚРҰБ (келісім бойынша) |
| 9. | Ең аз резервтік талаптардың нормативін белгілеу туралы | ҚРҰБ басқармасының қаулысы | 2005 жылғы қыркүйек | ҚРҰБ (келісім бойынша) |
| 10. | Монетарлыққа жататын қызметті айқындау туралы | ҚРҰБ басқармасының қаулысы | 2005 жылғы қыркүйек | ҚРҰБ (келісім бойынша) |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:
ҚРҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;
ҚҚА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК